

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикалық дамуының орнықтылығын айқындайтын Макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 90 шешімі

Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы хаттаманың 4-тармағына сәйкес (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа № 14 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссиясының Алқасы **пешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2013 жылғы 25 маусымдағы № 144 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикалық дамуының орнықтылығын айқындайтын Макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесіне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы  
Алқасының Төрағасы*

*Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2024 жылғы 30 шілдедегі  
№ 90 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикалық дамуының орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикалық дамуының орнықтылығын айқындайтын Макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеудің әдіснамалық негізі (бұдан әрі тиісінше – көрсеткіштер, мүше мемлекеттер) келесі құжаттарда баяндалған Ұлттық шоттар жүйесі (2008 жыл) және Халықаралық валюта қорының ұсынымдары болып табылады: Мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша нұсқаулық (2014 жыл), Мемлекеттік сектордың борыш статистикасы. Құрастырушылар мен пайдаланушыларға арналған нұсқаулық (2013), Тұтыну бағаларының индексі бойынша нұсқаулық: теория және практика (2007)."

2. 3-тармақта:

а) үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"несиелер тарту жолымен жүзеге асырылатын қарыздар";

б) алтыншы, он сегізінші және жиырма үшінші абзацтар алынып тасталсын;

в) жиырма жетінші абзац "және "Міндетті медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы" деген сөздермен толықтырылсын;

г) жиырма сегізінші абзацтағы "Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы" деген сөздер "Қырғыз Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) жиырма тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ресей Федерациясында – Ресей Федерациясының Зейнетақы және әлеуметтік сақтандыру қоры, Федералды міндетті медициналық сақтандыру қоры, аумақтық міндетті медициналық сақтандыру қорлары."

3. 4-тармақта:

а) төртінші – жетінші абзацтарда "мемлекеттік басқару секторының" деген сөздерден кейін "есепті кезең үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

б) он бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Т(П)<sub>ШБ</sub> – ұлттық валюта бірліктерімен өлшенген есепті кезеңдегі мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығы (профициті);";

в) он екінші абзацтағы "қаржы жылының ағымдағы бағаларында" деген сөздер "есепті кезең үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия уәкілетті орган Комиссияға ұсынатын ақпарат негізінде мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджеті тапшылығының (профицитінің) көрсеткішін жалпы ішкі өнімге пайызбен дербес есептейді."

4. 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік басқару секторының борышы келесі формула бойынша есептеледі:

$$Б_{МБС} = Б_{ОБО} + Б_{ӨБО} + Б_{ЖБО} - ДК,$$

Ондағы:

$Б_{МБС}$  – мемлекеттік басқару секторының борышы;

$Б_{ОБО}$  – орталық басқару органдарының борышы;

$Б_{ӨБО}$  – өңірлік басқару органдарының борышы;

$Б_{ЖБО}$  – жергілікті (муниципалды) басқару органдарының қарызы;

ДК – шоғырландырылған позициялар бойынша өзара байланысты көрсеткіштер.

Мемлекеттік басқару секторының борышы шетел валютасымен (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы) және ұлттық валютамен көрсетілген мемлекеттік басқару секторының сыртқы және ішкі борышынан тұрады.

Мемлекеттік басқару секторы борышының құрамына мемлекеттік басқару секторының шартты борыштық міндеттемелері және ақша-кредиттік реттеу органдарының борыштық міндеттемелері кірмейді.

Мемлекеттік басқару секторы борышының шамасы номиналды құны бойынша айқындалады.

Мемлекеттік басқару секторы борышының жалпы ішкі өнімге пайыздық көрсеткіші есепті кезеңнің соңындағы ресми бағам бойынша ұлттық валютаға қайта есептелген есепті кезеңнің соңындағы шетел валютасында (борыштық міндеттемелер көлемінің АҚШ долларымен көрсетілген баламасы) көрсетілген мемлекеттік басқару секторы борышының номиналды көлемі сомасының (сыртқы және ішкі), есепті кезеңнің соңында ұлттық валютада көрсетілген мемлекеттік басқару секторы борышының (сыртқы және ішкі) номиналды көлемінің қатынасы ретінде есептеледі:

$$B_{\text{МБС}} (\%) = \frac{B_{\text{МБС}}^{\text{Сыртқ}} + B_{\text{МБС}}^{\text{Сырт}} + B_{\text{МБС}}^{\text{Ішкі}} + B_{\text{МБС}}^{\text{Ішкі}}}{\text{ЖІӨ}} \times 100\%,$$

ондағы:

$B_{\text{МБС}} (\%)$  – жалпы ішкі өнімге шаққандағы пайызбен мемлекеттік басқару секторының борышы;

$B_{\text{МБС}}^{\text{Сырт}}$  – есепті кезеңнің соңындағы мүше мемлекеттің ресми бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептелген есепті кезеңнің соңындағы шетел валютасы бірлігіндегі мемлекеттік басқару секторының сыртқы борышының көлемі (борыштық міндеттемелер көлемінің АҚШ долларымен көрсетілген баламасы) ;

$B_{\text{МБС}}^{\text{Сырт}}$  – есепті кезеңнің соңындағы ұлттық валюта бірліктеріндегі мемлекеттік басқару секторының сыртқы борышының көлемі;

$B_{\text{МБС}}^{\text{Ішкі}}$  – есепті кезеңнің соңындағы ресми бағам бойынша ұлттық валютаға қайта есептелген есепті кезеңнің соңындағы шетел валютасы бірлігіндегі мемлекеттік басқару секторының ішкі борышының көлемі (борыштық міндеттемелер көлемінің АҚШ долларымен көрсетілген баламасы);

$B_{\text{МБС}}^{\text{Ішкі}}$  – есепті кезеңнің соңындағы ұлттық валюта бірліктеріндегі мемлекеттік басқару секторының ішкі борышының көлемі;

ЖІӨ – ұлттық валюта бірліктеріндегі ағымдағы бағамен жалпы ішкі өнімнің көлемі. Мемлекеттік басқару секторы борышының көрсеткішін есепті жылдың соңында жалпы ішкі өнімге пайызбен есептеу үшін жалпы ішкі өнімнің жылдық көлемі пайдаланылады. Есепті тоқсанның соңында жалпы ішкі өнімге пайызбен мемлекеттік басқару секторы борышының көрсеткішін есептеу үшін есепті тоқсандағы жалпы ішкі өнімнің көлемін қоса алғанда, 4 тоқсандағы жалпы ішкі өнімнің жиынтық көлемі пайдаланылады.

Комиссия уәкілетті орган Комиссияға ұсынатын ақпарат негізінде мемлекеттік басқару секторы борышының көрсеткішін жалпы ішкі өнімге пайызбен дербес есептейді."

5. 6-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.
6. 7-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:
- "7. Уәкілетті органдар осы Әдістеменің 4-6-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Комиссияға қосымшаға, сондай-ақ Комиссия бекітетін мынадай форматтарға сәйкес көрсеткіштер бойынша ақпарат береді:
- мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығы (профициті) – "Мемлекеттік басқару секторының бюджеті (Халықаралық валюта қорының әдіснамасы бойынша, кассалық әдіспен)" F12.01.01 және F12.01.04 форматтары;
- мемлекеттік басқару секторының борышы – "Мемлекеттің борыштық міндеттемелері" F12.10.01 және F12.10.04 форматтары;
- инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі) – "Тұтыну бағаларының индекстері" F11.07.12 форматы;
- жалпы ішкі өнім – "Жалпы ішкі өнім және экономикалық қызмет түрлері бойынша кірістердің қалыптасуы" 01.02.01 және "Жалпы ішкі өнім" F01.07.04 форматтары."

7. Көрсетілген Әдістемеге қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
экономикалық дамуының  
орнықтылығын (жаңа  
редакцияда – Еуразиялық  
экономикалық комиссиясы  
Алқасының 2024 жылғы  
30 шілдедегі №90 шешімімен)  
айқындайтын  
Макроэкономикалық  
көрсеткіштерді есептеу  
әдістемесіне ҚОСЫМША

**Экономикалық дамудың орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіштер ТІЗБЕСІ**

|                                                                                                                                                                 | Код* |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| I. Мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің операциялары                                                                                      |      |
| 1. Орталық басқару органдары бюджетінің кірістері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                             | 1    |
| 2. Орталық басқару органдарының бюджет шығыстары (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                              | 2    |
| 3. Орталық басқару органдарының бюджетінен төленетін орталық басқару органдарының борышына қызмет көрсетуге арналған төлемдер (ұлттық валютамен миллион бірлік) | 24   |

|                                                                                                                                                                                          |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 4. Орталық басқару органдары бюджетінің қаржылық емес активтерімен операциялар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                         | 31  |
| 5. Орталық басқару органдары бюджетінің тапшылығы (профициті) (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                          | CSD |
| 6. Өңірлік басқару органдары бюджетінің кірістері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                      | 1   |
| 7. Өңірлік басқару органдары бюджетінің шығыстары (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                      | 2   |
| 8. Өңірлік басқару органдарының бюджетінен төленетін өңірлік басқару органдарының борышына қызмет көрсетуге арналған төлемдер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                          | 24  |
| 9. Өңірлік басқару органдары бюджетінің қаржылық емес активтерімен операциялар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                         | 31  |
| 10. Өңірлік басқару органдары бюджетінің тапшылығы (профициті) (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                         | CSD |
| 11. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының бюджет кірістері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                     | 1   |
| 12. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының бюджет шығыстары (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                     | 2   |
| 13. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының бюджетінен төленетін жергілікті (муниципалды) басқару органдарының борышына қызмет көрсету төлемдері (ұлттық валютамен миллион бірлік) | 24  |
| 14. Жергілікті (муниципалды) басқару органдары бюджетінің қаржылық емес активтерімен операциялар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                       | 31  |
| 15. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының бюджет тапшылығы (профициті) (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                         | CSD |
| 16. Әлеуметтік қамсыздандыру қоры бюджетінің кірістері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                 | 1   |
| 17. Әлеуметтік қамсыздандыру қоры бюджетінің шығыстары (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                 | 2   |
| 18. Әлеуметтік қамсыздандыру қоры бюджетінің қаржылық емес активтерімен операциялар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                    | 31  |
| 19. Әлеуметтік қамсыздандыру қоры бюджетінің тапшылығы (профициті) (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                     | CSD |
|                                                                                                                                                                                          |     |

|                                                                                                                                                                                       |      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| 20. Мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің кірістері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                            | 1    |
| 21. Мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің шығыстары ( ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                           | 2    |
| 22. Мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінен төленетін мемлекеттік басқару секторының борышына қызмет көрсетуге арналған төлемдер (ұлттық валютамен миллион бірлік) | 24   |
| 23. Мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің қаржылық емес активтерімен операциялар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                               | 31   |
| 24. Мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығы ( CSD профициті) (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                           |      |
| 25. Есепті кезеңнің басындағы ұлттық (резервтік) қордың қаражаты (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                    |      |
| 26. Есепті кезеңде ұлттық (резервтік) қорға түсетін түсімдер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                        |      |
| 27. Есепті кезеңде ұлттық (резервтік) қорды пайдалану (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                               |      |
| 28. Есепті кезеңнің соңындағы ұлттық (резервтік) қордың қаражаты (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                    |      |
| II. Мемлекеттік басқару секторының қаржылық активтерімен және міндеттемелерімен операциялар                                                                                           |      |
| 29. Қаржы активтері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                                                 | 32   |
| 30. Ішкі қаржы активтері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                                            | 321  |
| 31. Акциялардан басқа бағалы қағаздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                               | 3213 |
| 32. Несиелер мен қарыздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                                           | 3214 |
| 33. Акциялар және капиталға қатысудың басқа түрлері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                 | 3215 |
| 34. Басқа дебиторлық берешек (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                                        | 3218 |
| 35. Сыртқы қаржы активтері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                                          | 322x |
| 36. Акциялардан басқа бағалы қағаздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                               | 3223 |
| 37. Несиелер мен қарыздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                                                           | 3224 |
|                                                                                                                                                                                       |      |

|                                                                                                                                              |      |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| 38. Акциялар және капиталға қатысудың басқа түрлері (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                        | 3225 |
| 39. Басқа дебиторлық берешек (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                               | 3228 |
| 40. Монетарлық алтын және арнайы қарыз алу құқықтары (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                       | 323  |
| 41. Міндеттемелер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                          | 33   |
| 42. Ішкі міндеттемелер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                     | 331  |
| 43. Валюта және депозиттер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                 | 3312 |
| 44. Акциялардан басқа бағалы қағаздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                      | 3313 |
| 45. Несиелер мен қарыздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                  | 3314 |
| 46. Басқа кредиторлық берешек (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                              | 3318 |
| 47. Сыртқы міндеттемелер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                   | 332  |
| 48. Валюта және депозиттер (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                 | 3322 |
| 49. Акциялардан басқа бағалы қағаздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                      | 3323 |
| 50. Несиелер мен қарыздар (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                  | 3324 |
| 51. Басқа кредиторлық берешек (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                              | 3328 |
| III. Мемлекеттік басқару секторының борышы                                                                                                   |      |
| 1. Орталық үкіметтің қарызы                                                                                                                  |      |
| 52. Орталық үкіметтің сыртқы қарызы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы)) |      |
| 53. Орталық үкіметтің сыртқы қарызы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                        |      |
| 54. Орталық үкіметтің ішкі қарызы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы))   |      |
| 55. Орталық үкіметтің ішкі қарызы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                          |      |
| 56. Орталық үкіметтің шартты борыштық міндеттемелері (ұлттық валютамен миллион бірлік)<br>**                                                 |      |
| 2. Өңірлік басқару органдарының борышы                                                                                                       |      |
|                                                                                                                                              |      |

|                                                                                                                                                                          |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 57. Өңірлік басқару органдарының сыртқы борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы))                  |  |
| 58. Өңірлік басқару органдарының сыртқы борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                         |  |
| 59. Өңірлік басқару органдарының ішкі борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы))                    |  |
| 60. Өңірлік басқару органдарының ішкі борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                           |  |
| 61. Өңірлік басқару органдарының шартты борыштық міндеттемелері (ұлттық валютамен миллион бірлік)**                                                                      |  |
| 3. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының борышы                                                                                                                  |  |
| 62. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының сыртқы қарызы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы)) |  |
| 63. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының сыртқы борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                        |  |
| 64. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының ішкі борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік ((АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы))  |  |
| 65. Жергілікті (муниципалды) басқару органдарының ішкі борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                          |  |
| 66. Жергілікті (муниципалдық) басқару органдарының шартты борыштық міндеттемелері (ұлттық валютамен миллион бірлік)**                                                    |  |
| 4. Шоғырландырылатын позициялар бойынша өзара байланысты көрсеткіштерді қоспағанда, мемлекеттік басқару секторының борышы                                                |  |
| 67. Мемлекеттік басқару секторының сыртқы борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы))                |  |
| 68. Мемлекеттік басқару секторының сыртқы борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                       |  |
| 69. Мемлекеттік басқару секторының ішкі борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік (АҚШ долларымен көрсетілген борыштық міндеттемелер көлемінің баламасы))                  |  |
| 70. Мемлекеттік басқару секторының ішкі борышы (ұлттық валютамен миллион бірлік)                                                                                         |  |
|                                                                                                                                                                          |  |

|                                                                                                       |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 71. Мемлекеттік басқару секторының шартты борыштық міндеттемелері (ұлттық валютамен миллион бірлік)** |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

\* Мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі нұсқаулыққа (ХВҚ, 2014 жыл) сәйкес операциялардың түрлерін, басқа экономикалық ағындарды және активтер мен міндеттемелер қорлары бойынша позицияларды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын жіктеу кодтары.

\*\* Ақпарат талдамалық мақсатта беріледі."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК